

**Қаратөбе аудандық мәслихатының 2009 жылғы 2 наурыздағы № 10-8 "Қаратөбе ауданы бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету туралы" шешіміне толықтыру енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Батыс Қазақстан облысы Қаратөбе аудандық мәслихатының 2012 жылғы 28 қыркүйектегі № 5-5 шешімі. Батыс Қазақстан облысы Әділет департаментінде 2012 жылғы 22 қазанда № 3099 тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Қаратөбе аудандық мәслихатының 2012 жылғы 18 желтоқсандағы № 19-6 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Қаратөбе аудандық мәслихатының 18.12.2012 № 19-6 шешімімен**

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексіне , Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 1995 жылғы 28 сәуірдегі "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" Заңдарына сәйкес аудандық мәслихат

**Ш Е Ш І М**

**Е Т Т І :**

1. Қаратөбе аудандық мәслихатының "Қаратөбе ауданы бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету туралы" 2009 жылғы 2 наурыздағы № 10-8 (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7-9-78 тіркелген, 2009 жылғы 20 наурызда аудандық газетінің "Қаратөбе өңірі" № 12 жарияланған) шешіміне келесі толықтыру е н г і з і л с і н :

1 тармақ мынадай мазмұндағы 8) тармақшасымен толықтырылсын:

"8) Ұлы Отан соғысқа қатысушылары мен мүгедектеріне және оларға теңестірілген адамдарға, олардың жесірлеріне, қаза тапқан әскери қызметшілердің отбасыларына, тылда еңбек етіп, әскери қызмет өткерген азаматтарға, санаторлық-курорттық емделуге әлеуметтік көмек ағымдағы жылға жергілікті бюджет есебінен бөлінген қаржы көлемінде көрсетіледі."

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрайымы*

*А. Оразова*

*Мәслихаты хатшысы*

*Б. Тойшыбаев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК